



## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы Сауда Келісімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 8 қаңтардағы N 22

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 27 мамырда Куала-Лумпур қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы Сауда Келісімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімі туралы Малайзия Тарапын белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия  
Үкіметі арасындағы сауда келісімі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметі (бұдан әрі қарай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын)

теңдік және өзара тиімділік негізінде екі ел арасындағы сауда және экономикалық байланыстарды дамыту мен нығайтуға тілек білдіре отырып,

мына төмендегілер жөнінде келісті:

### 1-бап

Уағдаласушы Тараптар олардың елдерінде қолданылатын заңдарға, ережелер мен процедураларға сәйкес екі ел арасындағы сауданы нығайтуға және жан-жақты дамытуға жәрдемдесу үшін барлық тиісті шараларды қабылдайтын болады.

2 - б а п

Уағдаласушы Тараптар сауда жөніндегі қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік уағдаластықтардың негізін зерттеу үшін әрбір елдің тиісті кәсіпорындары мен ұйымдарына қажетті көмек көрсететін және оны көтермелейтін болады және қажеттілігіне қарай өзаралық келісім негізінде осындай келісім-шарттар жасасатын болады .

3 - б а п

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы тауарлар импортына және/немесе экспортына байланысты кедендік баж салықтары мен сыртқы сауданың формальдылықтарына жататын барлық мәселелер бойынша екінші тарапқа барынша қолайлы жағдай режимін жасайтын болады.

4 - б а п

Осы Келісімнің ережелері кез келген Уағдаласушы Тарап мыналарға берген немесе бере алатын артықшылықтарға, концессиялар мен босатуларға қолданылмайды:

а) шекара бойындағы тасымалдауларға жәрдемдесу үшін қанаттас немесе көршілес елдерге ;

б) Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы қосылған немесе қосыла алатын Кеден Одағының немесе еркін сауда аймағының мүшелері болып табылатын елдерге;

с) экономикалық интеграцияға бағытталған көпжақты келісімдерге қатысудың салдарынан ; және

д) үшінші бір елдермен баспа-бас сауда туралы келісімдердің салдарына байланысты .

5 - б а п

Уағдаласушы Тараптар осы Келісім шеңберінде тауарларды транзиттік тасымалдауды дамытуға жәрдемдесу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды және мыналарға келіседі :

а) Тараптардың біреуінің елінде басталған және үшінші бір тарап еліне апарылатын тауарлардың еркін транзитіне жәрдемдесуге;

б) үшінші бір тарап елінде басталған және Уағдаласушы Тараптардың біреуінің еліне апарылатын тауарлардың еркін транзитіне жәрдемдесуге.

6 - б а п

Екі ел арасындағы сауданы одан әрі қарай дамыту мақсатында Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының аумағында өткізілетін сауда жәрмеңкелеріне бір-бірінің қатысуын және екі елдің құзыретті органдары арасында келісілген Тараптар негізінде екінші Тарап аумағында өткізілетін Тараптардың әрқайсысының көрмесін әзірлеуді көтермелейтін болады.

Жәрмеңкеге немесе көрмеге қойылған тауарлар мен үлгілерден алынатын кедендік баж салықтары мен басқа да осындай алымдардан босату, сондай-ақ оларды сату және жою осындай жәрмеңкелер мен көрмелер өткізіліп жатқан елдің заңдары, ережелері мен ұйғарымдары сақтала отырып, жүзеге асырылуға тиіс.

#### 7-бап

Осы Келісімді түсіндіруден туындайтын кез келген даулар дипломатиялық арналар арқылы реттелуге тиіс.

#### 8-бап

Екі ел арасындағы барлық төлемдер әрбір елде қолданылатын валюталық заңдарға сәйкес Уағдаласушы Тараптар арасында келісілуі мүмкін еркін айналыстағы валютамен жүзеге асырылатын болады.

#### 9 - б а п

Аталған шаралар еркін таңдап алынған немесе кемсітушілік тәртіпте қолданылмайтын талаптарды сақтай отырып, осы Келісімнің ережелері Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының мынадай шаралар қабылдау немесе қолдану құқығын шектемейді:

- а) денсаулық, мораль, қоғамдық тәртіп немесе қауіпсіздікті сақтауға байланысты;
- б) өсімдіктер мен жануарларды аурулар мен зиянкестерден қорғау жөнінде;
- с) олардың сыртқы қаржы жағдайы мен төлем балансын қорғау жөнінде;

д) ұлттық көркем, тарихи немесе археологиялық құндылықтарды қорғау жөнінде.

## 10-бап

Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы тікелей сауданы кеңейту жөніндегі шараларды және осы Келісімнің қолданылуынан туындауы мүмкін мәселелерді талқылау үшін Бірлескен Сауда-экономикалық Комитет құруға келіседі. Бірлескен Сауда-экономикалық Комитет осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті ұсыныстар енгізе алады және өзара Келісім бойынша белгіленген кезеңде әрбір елде алма-кезек мәжіліс өткізетін болады.

1 1 - б а п

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді үйлестіруге және орындауға жауапты органдар ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Өнеркәсіп және сауда министрлігін және Малайзия Үкіметі атынан Халықаралық сауда және өнеркәсіп министрлігін тағайындау туралы келісті.

1 2 - б а п

Осы Келісім қолданысының кез келген кезеңінде кез келген Тарап оған екінші Тарап осындай жазбаша мәлімдеме алған күннен бастап үш айдың ішінде жауап беруге тиісті толықтырулар енгізу туралы жазбаша ұсыныс енгізе алады. Осы Келісімнің кез келген өзгеруі немесе түрін өзгертуі осы құқықтар мен міндеттемелер толық орындалмайынша осындай өзгертулер немесе түрін өзгертулері жасалған күнге дейін осы Келісімнен туындайтын құқықтар мен міндеттемелерге залал келтірместен жүзеге асырылуға тиісті.

1 3 - б а п

Осы Келісім екі Уағдаласушы Тарап та оған қол қойғанда және халықаралық шарттарды бекіту үшін ішкі формальдылықтарды олардың аяқталғаны туралы бір-біріне жазбаша хабарлаған кезде күшіне енеді және бес (5) жыл бойы қолданыста болады.

Бұдан кейін егер оның қолданысының ағымдағы мерзімінің аяқталуына дейін кемінде үш ай бұрын кез келген Уағдаласушы Тарап екінші Тарапқа Келісімнің

қолданысын өзінің тоқтатқысы келетіні туралы жазбаша мәлімдеме жолдамайтын болса, онда ол тап сондай кезеңде өздігінен ұзартылатын болады.

## 1 4 - б а п

Осы Келісімнің ережелері осы Келісім қолданысының кезеңінде жасалған, әйтсе де осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған күнге дейін толық орындалмаған келісім-шарттарға қатысты Келісім қолданысы тоқтатылғаннан кейін де қолданыла б е р е т і н б о л а д ы .

Куала-Лумпур қаласында 1996 жылғы 27 мамырда екі данада, әрқайсысы қазақ, малай, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің де күші бірдей. Түсіндіру кезінде кез келген пікір алшақтықтары туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

Қазақстан Республикасының Малайзия  
Үкіметі үшін Үкіметі үшін